



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ ЖАҚҚАН ШЫРАҚ

Жорабай Гүлнара Тансыққызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Қосағаш» жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазақстан
Е – mail: zhorabay_1970@mail.ru

Аңдатпа

Бұл шығармашылық жұмысымда, ұлы ұстаз, ғалым, аудармашы, ақын Ыбырай Алынсариннің ұстаздық жолындағы ерен еңбегіне тоқталдым. Оның ағартушылық идеяларын жалғастырған шәкірті, ұстаз Спандияр Көбеевтің жарқын болмысын ашуға тырыстым. «Дала қоңырауы» атанған Ыбырайдай ұлт қамқоршысының жаққан шырағы мәңгі сөнбейді. Өйткені оның бейнесі әрбір қазақтың санасында жаңғырып тұрады. Мақсаты: Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің ағартушылық еңбектерінің еліміз үшін маңыздылығын қарастырып, түйсінуге.

Түйінді сөздер: ұлт ұстазы, ағартушылық, идеялар үндестігі, қамқоршы, жаққан шырақ

Аннотация

В своей творческой работе я обратила большее внимание на заслуженный труд великого учителя, ученого, переводчика, поэта и писателя Ыбырая Алтынсарина. Мне хотелось показать творческую деятельность, его наследника просветительских идей, педагога Спандияра Кобеева. «Колокол степи» – это имя было присвоено покровителю своего народа Ыбыраю, зажженная свеча для народа никогда не погаснет, потому что он будет жить в сердцах каждого казаха. Цель: рассмотреть и показать важность для народа просветительские труды Ыбырая Алтынсарина и Спандияра Кобеева.

Ключевые слова: учитель народа, просветительство, созвучие идей, зажженная свеча.

Abstract

In this creative work, I focused on the great teacher, scientist, translator, poet Ibray Alyn Sarin's outstanding achievements in teaching. I tried to reveal the bright personality of his student, teacher Spandiyar Kobeev, who continued his enlightened ideas. Ibrai, who is known as the «Field Star», does not burn out. Because his image resonates in the minds of every Kazakh. The goal: Consider and understand the significance of the educational works of Ibray Altynsarin and Spandiyar Kobeev for our country.

Key words: Teacher of the nation, enlightenment, harmony of ideas, guardian, lighted candle.

Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.
Ыбырай Алтынсарин

Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүние ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесін жаңаша құрудың қажет екенін дәлелдеп отыр. Табысты болудың ең басты, іргелі факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. ХХІ ғасырда айтылған бұл пікір өткен замандағы Ыбырай атамның «Мал дәулеттің байлығы, Бір жұтасаң жоқ болар. Оқымыстының байлығы, Күннен күнге көп болар, Еш жұтамақ жоқ болар» деген өлең жолдарының маңызы ешқашан жоғалмайтынын көрсетеді.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы қазақ халқы үшін үлгі – өнеге әрі мақтаныш. Оның салған дара жолы ешқашан да құндылығын жоймақшы емес.

Көзі ашық, көкірегі ояу Балқожа би ендігі заман оқудың заманы екенін терең түйсінген жан. Артынан ерген ұрпағы бала Ыбырайға ақ батасын беріп, «көзінің нұрына» балап оқуға шығарып салады. «Оқуға көңіл бөл, надан болып өкініп қалма» деген атасының сөзін санасына сіңіріп, оқудың артықшылығын жас жанымен Ыбырай сезіне білген. Тілмаштық оқуды «өте жақсымен» бітіріп, Орынборда осы қызметті екі жылдай істейді. Алайда оның бойындағы қайраткерлігі мен халқына деген сүйіспеншілігі ұстаздық қызметке жетелейді. Ағартушы Ыбырайдың ұлылығы сол – өзінің бүкіл өмірі мен күш – жігерін осы ұлы іске арнады.

Алдына айнамастай етіп қойған мақсаты қазақ даласында мектеп ашу ісі болды. Бұл арманына 1864 жылы Торғай өңірінде кездескен көп кедергілерді жеңе отырып қол жеткізеді. Тұңғыш жаңа мектептің ашылып, жұмыс жасауы Ыбырайдың өміріндегі ең бір бақытты кезеңі болып саналды, оған айрықша қуаныш әкелді. Осы кездегі қуанышты сезімдері мен ойға түйген ойларын досы Н.И.Ильминскиймен бөліседі. Бұрын ешқандай дайындығы жоқ бұл жаңа мектепте Ыбырай бүкіл педагогикалық жұмысты өз білгенінше, өзінің орыс мектебінен алған білімі мен тәрбиесі негізінде жүргізген. Қазақтың қара домалақ балаларын оқытудан өзіне шабыт алған «Ұлы ұстаз» оқыту ісін жаңаша жүргізуді жоспарлайды. Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізіп, балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен хабар беруге бар күшін аямайды. «Оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай –

ғылым, білім беру жүйесі сақталу керек» деген өз ұстанымын басшылыққа алады. Оқу мен тәрбие жұмысын әкім даярлау мақсатына емес, адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді.

Халықтың ішінде жүріп, олардың өмірлерін өзіне дейінгі оқытудың жай жапсарын зерттеп етене танысқаннан кейін ұлы ағартушы қазақ балалары үшін, ең алдымен, солардың ұғымына сай, түсінікті оқулықтың керек екенін зерделейді, өзінің бар білімі мен білігін осы ізгілікті істі іске асыруға кіріседі. Көп ізденістің арқасында 1879 жылы Орынбор қаласында «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы жарық көрді. Осылайша Ыбырай Алтынсарин таза қазақ мектептерін ашып, алғашқы оқулықты да жасап шықты. Бұл тарихи еңбектің еліміз үшін маңызы ұшан теңіз еді.

1879 жылы Ыбырайдың инспектор қызметіне тағайындалуы оның ағартушылық қызметін кеңінен жүзеге асыруға мол мүмкіндік берді. «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы...» деген идеямен Торғайдың төрт өңірінде жаңа мектептер ашты. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебін ашады. Бұл қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды. Ашылу салтанатында: «Бізді өзгелер табиғатынан ақылды, іскер халық деп ойлайды. Осының шындығын іс жүзінде көрсетуіміз керек. Табиғи ақыл тек айналысындағына ғана таниды, ал оын дамыту, әлі көрмеген нәрсені танып білуге үйрену тек ғылым – білімнің қолынан келеді» деген маңызды пікірлерін көпшілікпен бөліседі. Қазақ балаларының оқуына айрықша көңіл бөлген ұлы ағартушы сол қара домалартардың ең жақын адамдары әкелеріне де ой салады. Осы күні мыңдаған шақырым жерлерден жылдам хабар алғызатын телеграфқа, ауыр жұмысты атсыз, түйесіз – ақ мың шақырым жерге бір тәулікте жеткізетін бу машинасына қолы жетіп отырған басқа халықтар өз балаларына шамасы келгенше қаражаттан жәрдем бергенін насихаттап отырған. Дархан даладай мінезі бар ұлтына қанатымен су тасыған қарлығаштай шыр – пыр болып жүргені қаншама төгілген тердіі көрсетеді. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ашып, қазақ қыздарын алғаш рет оқуға тартуы асау толқынға қарсы жүзгенмен пара – пар еді. Талмай іздену, тиісті орындарға жалықпай өтініш жасаудың, оқытушылар мектебінің дала жағдайындағы ағарту ісі үшін айрықша қажет екенін шебер дәлелдеудің нәтижесінде 1881 жылы Орск қаласында мұғалімдер мектебіне қол жеткізуі өз халқының болашағының жарқын болуына қосқан зор үлесі деп айтуға болады. Бар өмірін ағарту ісіне арнаған ұлы педагогтің өлеңдері де ағарту идеясын көтерген. Ел арасына кең жайылып, жатталып кететін шығарма арқылы санаға әсер етуді көздеген. «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» т.б. өлеңдері осындай идеяның нәтижесі. [4, б. 55]

«Халық мектептері үшін ең керектісі оқытушы..., сондықтан мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», – деп XIX ғасырдағы ғана емес, жалпы педагогикалық аса озық ой пікірін ұсынған.

«Кел, балалар, оқылық,
...Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілгеннің алдынан,

Іздемей – ақ табылар» – деп, оқуға шақырған, жүрегі жылы ұстаздан білім алған жазушы – педагог «Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген оқытушысы» Спандияр Көбеев саналы ғұмырының соңына дейін ұрпақ тәрбиелеп, бала оқытумен айналысқан. Спандияр Көбеев 1878 жылы бұрынғы Торғай облысы, Обаған болысына қарасты нөмірі үшінші ауылда – қазіргі Ақсуат ауылында дүниеге келген. Әкесі Көбей мұсылманша хат таныған, сабырлы, шыншыл, турашыл, бір алған бетінен қайтпайтын, әжет адам болған, тек қолөнерімен күн көрген. Ол балаларын оқыту жағына көп көңіл бөлген. Анасы Айтбоз да өте қайратты, ақылды, ауылының ортақ анасы сияқты қадірлі адам болған. Ол өзінің балаларына да, басқаларға да ұдайы: жамандыққа баспаңдар, шыншыл болыңдар, адал еңбек етіп күнелтіңдер, деп ақыл айтып отыратын болған екен. Осындай жарасымды отбасының үлгі тәрбиесі болашақ педагог – жазушының мінез – құлқының қалыптасуына көп әсер еткен. [2, б. 143]

Ол 1887 жылы Ыбырай ашқан мектепке түсіп, оны 1892 жылы бітіріп шыққан. Мектеп табалдырығын аттаған кезде басынан сипап, айтқан жылы сөзі жүрегінде мәңгі сақталған. Ұлы Педагогтың «тұлғасын арманына ұқсатып, үлгісін көңіліне қыстатқан» шәкірт Ыбырай Алтынсарин бастаған ұлы істі жалғады. Ұстазы Ы.Алтынсариннің ізімен балаларға арналған оқу құралын жазуды қолға алған С.Көбеев 1912 жылы Қазан қаласында «Үлгілі бала» кітабын бастырады. Бастауыш сынып балаларына арналған бұл оқулықта ол орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Сонымен қатар өзінің бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олар – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін. Бұл жинақтарына енген мысал өлеңдері мен әңгімелерінің барлығы да балаларға арналып жазылған. «Маймыл мен көзілдірік», «Көлбақа мен Юпитер», «Арыстан мен маса», «Жапырақтар мен тамырлар», «Арыстан мен тышқан», «Құмырсқа мен көгершін» т.б. өлеңдерінде өз заманындағы өзекті мәселелерді көтере білген. Спандияр Көбеевтің бұл ісі Ыбырайдың: «Қазақтарға – осы дарынды, ақыл – есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де қажет болып отыр», – деп көтерген мәселесін шешуге қосқан ең маңызды үлестерінің бірі болып табылады.

Өнер – білімге шөліккеп отырған қазақ халқын Ыбырайша сусындатуды қолға алған ұстаздың халықты ағарту жолындағы ерен істері халқына деген адалдықтың, шексіз сүйіспеншіліктің көрінісі болып табылады.

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге мырза, ерке.
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес надан кісі алар текке,

– деген өлеңімен ұлы ұстазының идеясымен қазақтың балаларына оқудың артықшылықтарын уағыздай отырып мектепке шақырады. Әсерлі шығармасымен баланың ой санасына қозғау салады. Бал жинаған ара мен қалбаңдап ұшқан көбелек те, жүрген аң да, ұшқан құстың бәрі де әрекет үстінде. Бәріде тыным таппай қажетіне жарайтын мүлікті іздеп табу қамында, өз міндетін атқаруда деп, жанды теңеулермен салыстырулар арқылы баланы оқуға өнер – білім жолына қызықтырады. Балаларды сауат ашуға үндейді.

Еңбекті сүйе және қадірлеу Ыбырайдың «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Атымтай Жомарт», «Еңбекпен тапқан нан тәтті» т.б. әңгімелерінің негізгі өзегі болса, Спандияр осы идеяны «Түскі тамақ пен кешкі тамақ» әңгімесінде жалғастырған. Түске дейін бос отырып ішкен тамақ пен кешке дейін жұмыс істеп келіп ішкен тамақтың дәмділігі арқылы еңбек етуді насихаттайды. Ыбырай «Аурудан аяған күштірек» әңгімесінде анасына жаны ашыған кішкентай баланың мейірімділігін оқырманға үлгі етсе, Спандияр Көбеев «Қайырымды бала» әңгімесінде әкесінен алған ақшаны көшедегі қайыршы шалға берген қайырымды баланың іс – әретімен мейірімділіктің ең ізгі қасиет екенін санаға сіңіреді. Жаңашылдыққа жаны құмар ұлы ұстаздың талапшылдық, сабырлылық, тәрбие беру, қайырымсыздық, мақтаншақтық т.б. туралы айтқан идеялары шәкіртінің еңбектерінде жалғасын тапқан.

С.Көбеев кеңестік білім беру жүйесінде ұлт мектептерінің мүддесін басты орынға қойды. Оның ойынша ұлт мектептерінде ең алдымен ана тілінде сауат ашу мәселесі қолға алыну қажет. Дәлеле келтірер болсақ, «Сабақты баланың табиғи ана тілінде түсіндіру жас өспірімнің ақыл – ой дүниесіне, сезім – қиялына күшті әсер етеді. Көркем сөз зергерінің бояулы да сырлы асқақ та әсем, кестелі де айшықты мағыналы да сөз бедерелері оқушыларға өмір құбылыстарын, табиғи көрінісі, адамдар арасындағы түрлі қарым – қатынастарды, дүние танымын дұрыс қалыптастырады. Оқушыны ана тілінде жазылған әңгіме, өлеңдер арқылы оқыту халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет – ғұрып, рухани өмірмен, арман мүддесімен таныстырып патриоттық сезімін оятады. Сондықтан ауылдық, болыстық мектептерде дәрісті қазақ тілінде жүргізу керек» – деген тағылымдық ойлар ерекше маңызды болды, – деген мазмұндағы жолдар ұлтжанды зиялының негізгі мақсатын көрсетеді. «Баланың жас кезінен ер жеткенше, қандай адаммен жолдас болып, қандай балалармен ойнап – күліп жүргенін балалардың ата – анасы және мектеп бақылап жүруі керек. Егер баланың жолдас болып жүрген балалары ұнамсыз қылықты бала болса, өмірде ондай адаммен жолдас болудың зиянды екенін баласына әңгіме етіп, айтып отыруы керек». «Бала жас күнінен бастап әдептілікке, тәртіптілікке, өнегелі іске тәрбиеленуге тиіс. Баланы ақырып, жекіріп қорқыту өте зиянды. Бұдан баланың зәресі кетеді, өз семьясынан өзі қорқады, әке – шешесінен ешнәрсе сұрамай ішінен тынып отырады. Ондай балалар ынжықтанып, бір нәрсе істеуге әке – шешесінен бата алмай нашар болып өседі деген құнды пікірлері бүгінгі ұстаздар парыз екенін сезіну керек деп ойлаймын.

Сондай – ақ, үйде бетімен өскен баланың ілуде біреуі ғана жаңа ортаға күшпен үйренісіп, зорға көндігеді. Егер ондай бала мектепке келіп, мектеп тәлім – тәрбиесіне көндігіп кеткенмен де бір мінез шығармай қоймайды. Сондай істеген жарамсыз істері мектепте оқытушыларға да, үйде ата – анасына да уайым. Сөйтіп баланың ата – анасы біздің баланы қой, ол адам болмайды деп баласынан біржола күдер үзеді. Оны естіген бала ата – анасынан көңілі қалып, мектептен де күдер үзіп, өзін бір панасыз, қорғансыз адамға есептеп кететіндері де болады. Көңілденіп сабағын оқымай, мектепке кейде барып, кейде бармай, оқытқан оқытушының тілін кейде алып, кейде алмай жүретін әдетке ұшырайды. Ондай баланы бетімен жіберу – қате іс. Ол балаға мектепте бір жауапты іс тапсырып, оның қалай орындайтынына бақылап, қадағалап отырса сол – баланың мектептегі алдыңғы қатарлы баланың бірі болуы сөзсіз, деген өскелең ұрпақ туралы тұжырымдары да Ыбырайдың баланың әкесіне айтқан хабарламасымен үндеседі.

1912 жылы Қазан қаласында басылып шығарылған, арап әріпімен жазылған «Үлгілі бала» атты оқу кітабы Ы.Алтынсариннің үлгісімен құрастырылған хрестоматия еді. Оған кіші мектеп жасындағы балалардың оқуына жеңіл, шағын әңгімелер, ертегілер табиғат және оның құбылыстары, өсімдік жануарлар дүниесі жөніндегі мәліметтер кіргізілді. Автордың «Үлгілі бала» хрестоматиясын құрсытырғандағы негізгі ойлаған мақсат, көздеген нысаны – жас ұрпақты өнер – білімге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу болған. С.Көбеев мұғалімнің беделі туралы қазіргі күнге пайдасы зор құнды пікірлер қалдырған. Мәселен, «әрине алғырлық та, тапқырлық та, ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделі болуының құралы болуы тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғыда сәуле шашар шам – шырағы деп білуі керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты –

оқытушының өз дәрісін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның берген сабағы оқушыға әрі түсінікті, әрі қонымды болу қажет. Оқытушы әр бір сабаққа жақсы дайындалуы керек», – деген идеялары қазіргі ұстаз бейнесінің қалыптастыру үшін де аса қажет. Оның айтуынша оқытушының беделді болуы, оқудың сапалы болуы оқушылардың тиянақты білім алып, саналы тәрбиеленуін қамтамасыз етеді. С.Көбеев мұғалім беделін көтерудің төмендегідей үлгілерін ұсынады:

- Қоғамдық жұмыстарды белсенді атқару қажет.
- Педагогика ғылымын егжей – тегжейлі білуге міндетті.
- Мұғалім өз пәнің өте жақсы білуімен қатар, басқа пәндерден хабардар болғаны жөн.
- Ол сыныптың құрамын, әр баланың жеке бас ерекшелігін зерттеп үйренген дұрыс.
- Балалар ұжыммен қоян – қолтық араласып, оларға талаптар қойып, олардың орындалып отыруын бақылауға міндетті.
- Мұғалім жүріс – тұрыс, киген – киімі, сөйлеген сөзі арқылы үлгі болуы керек.
- Мұғалім баланы жақсы көру қажет.

– Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушыларының атамыздың әдістерімен, шығармашылығымен С.Көбеевтің өзіндік бір педагогикалық идеясын ұстанғанын байқадық. Өлеңдерін талдай отырып, оқығанда жазушының астарлап айтқан аудармалары бүгінгі қоғамға пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Бұл жөнінде С.Көбеев «Орындалған арман» атты мемуарлық кітабында өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі жайында жаза отырып «кез келген адам ұстаз болмауы керек, оны жүрекпен ұғатын, бар күш жігерін аямайтын, балаларды жүрегімен сүйетін жан болу керек деген». Атамыздың осы сөзіне көңіл бөлер болсақ, қазіргі заманда мектеп бітіріп оқуға түсетін жастарымыз көп жағдайда мамандық таңдауда жүрек қалауларымен келмейтіндіктеріде жасырын емес.

Спандияр Көбеевті тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып үйрену өзін мәдениеті, білімді санайтын әрбір азаматтың парызы, оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеумен өсудің бірден – бір құралы. Шығыс мақалында, былай дейді: «егерде есімің өмірде мәңгі сақталсын десең адам тәрбиесімен айналыс». С.Көбеев те барлық ғұмырын балаға арнаған. Және шығармаларында үлкен тәрбиелік мәні бар өшпейтін маңызды, құнды ғибратты мұрасы жатыр. Сол себепті де оның есімі мен ісі бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгілікке сақталуы қажет

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Ендеше, Ыбырай атамыз салған «сара жол» және осы жолды қолға ұстаған шырағындай өшірмей жалғаған Спандияр Көбейұлының жаңаша оқыту жүйесіне ілесіп, білім алушыларға өнегелі тәртіп пен саналы білім беру ХХІ ғасырдағы ұстаздардың ардақты борышы деп білейік!

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» 2 – басылымы, Алматы «Білім» 2007
2. Елікбаев С.Т. «Қазақ әдебиеті» 10 – сынып оқулығы «Арман ПВ» 2006
3. С.Қирабаев, Ғ.Асыл «Қазақ әдебиеті» 10 – сынып оқулығы, Алматы «Мектеп» 2006
4. Ә.Дербісәлин «Ыбырай Алтынсарин» «Қазақстан» баспасы. Алматы 1965

ӨОЖ 37.013.2.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Жумабаева Кулбарам Ембергеновна
«Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оқытушысы
КММ «Қостанай жоғары медициналық колледжі»
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: kulbaram1969@mail.ru

Андатпа

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық педагогикалық қызметін, идеяларын оның ұлттық тарихында қалдырған мұрасын зерттеп қазіргі заман талабына сәйкестігін сипаттама берілген.

Түйінді сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ағартушылық қызмет, оқу үрдісі еңбектері, тәлім – тәрбие.

Аннотация

В этой статье дается описание педагогической деятельности Ибрая Алтынсарина, его идей, их наследия, оставленного в его национальной истории, в соответствии с требованиями современности.

Ключевые слова: Ыбырай Алтынсарин, просветительская деятельность, труды, воспитание

Abstract

This article describes the pedagogical activity of Ibray Altynsarin, his ideas, their legacy left in his national history, in accordance with the requirements of modernity.

Key words: Ybyray Altynsarin, educational activities, works, upbringing.